



Арқа жерінде кіндік қаны тамып, Алла берген өнерімен есімдері шартарапқа тараған жақсы мен жайсаңдар қаншама. Бірі өнері арқылы шарықтаса, енді бірі спорттағы ерекше жетістігімен тандай қақтырды.

Әрбір азаматтың атамекеніне арқа сүйейтіні ақиқат. Өйткені, перзентті алға қарай туған елге, жерге деген сүйіспеншілік сезімі жетелейді. «Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың» дегендей, сырт жақта жүрсе де түп тамыры осы Жаңаарқа өлкесінен шыққан Маруа Қайыржанқызы дәл осындай жан. Бақытты балалық шағы Жаңаарқа жерінде өтіп, тағдырдың жазуымен оңтүстік өңірдің азаматымен көңіл жарастырған соң барлық ғұмыры сол өлкеде өтеді. Өмірін спортпен, ұстазықпен байланыстырған Маруа апай қайда жүрсе белсенділігінің, білімінің арқасында сыйлы, беделді болды. Шалғай жүрсе де туған жерін бір сәт естен шығармай, «Жаңаарқаның

қызымын» деген сөзді мақтанышпен айтты.

Білім саласының ардагері, Созақ аудандық әжелер алқасының төрайымы, Түркістан облысы, Созақ ауданының Құрметті азаматы, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалінің иегері Маруа Қайыржанқызы жайында айтылар әңгіме көп.

Маруа Қайыржанқызы 1950 жылы 14 шілде күні Жаңаарқа ауданы, Алғабас бөлімшесінде дүниеге келеді.

–Әкем арабша хат таныған, сауатты, көзі ашық білімді кісі болған. Ұлт зиялысы Сәкен Сейфуллинмен үзентілес жолдас болып, колхоздастыру кезеңінде бірге жұмыс жасаған. Мақтанышпен айта кетейін, ол кісі – атақты Балуан Шолақтың қайынысы. Алты алашқа белгілі Ғалия сұлудың немере інісі. Балуан Шолақпен бірге жүріп, сөз қағыстырған. Әкем менің оңтүстікке кетерімді түсінде көрген екен. Ал анам Айша Рақымжанқызы байдың қызы болған екен. Ауыл-аймақ ол кісіні «Ақ Айша», «Балуан Айша» деп еркелеткен. Өзі керемет сұлу, шешен, кез келген адамға пародия жасай беретін өнері болған. Ата-анам жеті перзент сүйіп, барлығын өз орнына қондырды, –дейді балалық шағы жөнінде Маруа апай.

Бақытты балалық шағын туған өлкесінде өткізді. Алғаш мектеп табалдырығын аттап, 1967 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында орналасқан В.И.Ленин атындағы қазақ орта мектебін тәмамдап шығады.

Алғаш еңбек жолына қадам басқан жан тарихы терең, керегесі талай тарихи оқиғалардың куәсі болған, алтын босаға, білім сарайына айналған Жаңаарқа ауданының Алғабас орталау мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастайды. Өзін спортпен



ұштастыруында өзіндік сыр бар демекші, Маруа Қайыржанқызы ұстаз бола жүріп те, алыс қашықтыққа жүгіруден бірнеше рет облыс чемпионы болды. Осы уақытта спорт шеберлігіне үміткер болып, республикалық жарыстарға қатысты. 1968 жылы ҚазССР құрамасына алынды. Тәжікстанда өтетін халықаралық жарысқа қатысып, спорттың жеңіл атлетика саласы бойынша «Спорт шеберлігіне кандидат» атағын қорғады.

Бала бойындағы бәсекелестікті қалыптастырып, құзіретті құндылықтарды дарытып, еркін ойлап, тез шешім қабылдатып, дарынды шәкірттерді даралап, әріптестерінің арасында үздік тұлға рөлін қалыптастыра білген Маруа ханымның отбасында да алатын орны ерекше. Кейіпкеріміз 1968 жылы бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы Асылхан Құлмахановпен танысып, шаңырақ көтереді. Өз отбасынан көрген тәлім-тәрбиені негізге тартағын жан жолдасының да ата-анасын жоғары орынға қойып, адамгершіліктің асыл қасиеттерін сезіндіре білді.

Жолдасының анасы Бәтима апа сабырлы, көп сөйлемейтін, биязы мінезді, көрген кісі болады. Қолдаушы жандардың ортасына түскен соң бастаған іс нәтижелі болары айдан анық. Маруа ханымның осындай қамқор отбасы барда қызмет барысының дөңгелене жүруі заңдылық әрине. Ол өзінің еңбек жолын Жартытөбе елді мекені Аққолтық ауылындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып орналасуымен жалғастырды. Мектепте еңбек ете жүріп, өз білімін жетілдіре түсуді мақсат етіп қояды. Нәтижесінде Шымкент қаласында орналасқан М.Әуезов атындағы педагогикалық университеттің «математика» мамандығын сырттай оқып бітіреді.

“Ұстаздық” деп аталатын игі мамандықтың жолын қалап алған жан педагогика саласындағы озық қызметтері үшін 1993 жылы «аға мұғалім» атағын алады. Сонымен қатар, Орал қаласында өткен республикалық педагогикалық оқуда «Оқушыларды жекелей және топпен тәрбиелеу» атты баяндамасы Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институтының грамотасымен марапатталады. Бұдан бөлек ұстазымыздың тәжірибесі облыс мұғалімдері арасында плакат түрінде таратылғанымен танымал. Ол облыстық мұғалімдер слетінің I орын иегері, республикалық мұғалімдер педагогикалық оқуының «Балаларға қазақ үдісіндегі сабақ беру» конкурсының жеңімпазы. Кентау қаласында өткен республикалық педагогикалық оқудың жүлдегері. Республикалық бастауыш сынып мұғалімдері арасында «Қазақтың салт-дәстүрлерін оқушыларға үйрету тәжірибесі» тақырыбындағы баяндамасымен I орынды иеленеді. 1992 жылы облыстық «Жыл мұғалімі» байқауының жеңімпазы болып, ақбозат мінген және Ы.Алтынсарин атындағы медальдің иегері. Бірнеше дүркін аудандық байқаулардың

жеңімпазы, облыстық «Инновациялық әлеуметтік жобалар» байқауының I орын иегері.

Ұстаз атану білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Осы бір ұстазға лайықты борышты ар тұтып, өз ісі мен өз пәнін жетік біліп, шәкірттері мен әріптестерінің көңілінен шыға білген Маруа Қайыржанқызының қызметтік жолында өзгерістер орын алып, 2006 жылы Жартытөбе ауыл әкімшілігіндегі «Жұлдыз» балабақшасына меңгеруші болып тағайындалады.

Қазір зейнеткерлік демалыста болса да, қоғамдық жұмыстардан қол үзбей келе жатқандығы көңіл қуантады. Маруа ханымның есімі мектеп өмірінен бөлек, қоғамдық жұмыстар аясында көптеп естіледі. Оған дәлел, кейіпкеріміз 1980-2010 жылдар аралығында Жартытөбе ауыл әкімдігі жанындағы әйелдер кеңесінің төрайымы болып, біршама жұмыстардың нәтижелі аяқталуына сеп болғандығы аян. Апайымыздың атқарған қоғамдық жұмыстары орынды бағаланып, облыс әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық демография саясаты жөніндегі комиссияның алғыс хатымен марапатталады. Республика төңірегінде «Қазақстан-Шымкент» телеарнасы ұйымдастырған «Сыбаға» байқауының I орын иегері атанып, «Нұр Отан» партиясының, аудан әкімінің алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталғандығы да



өз ісіне деген ерекше ілтипаттың көрінісі іспеттес.

Маруа ханым 2016 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай облыстық дендропаркіне облыс әкімімен ағаш отырғызу құрметіне ие болғандығы тарих беттерінде қаларлықтай ерекше оқиғалардың бірі. Қаншама жылды сарп еткізген еңбек өз уақытында бағасыз қалған емес. Маруа Қайыржанқызы ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған облыстық «Әжелер байқауында» жүлделі III орынға қол жеткізіп, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Маруа Қайыржанқызы 2013 жылдан бастап Созақ аудандық ардагерлер кеңесінде қызмет етіп, кейін аудандық ардагерлер кеңесінің жанынан құрылған аудандық әжелер алқасының төрайымы атанды. Аудан әжелерінің жетекшісі ретінде көптеген ұлағатты істер атқарды. Отбасының татулығына, бала тәрбиесінің дұрыс өсіп-жетілуіне ақы-кеңестерін береді. Жас шаңырақтың керегесінің бұзылмауын қадағалап, жастарға бағыт-бағдар беріп, өнегелі, рухани азық ретінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Нәтижесінде Маруа Қайыржанқызының жұмыс істеу жоспары облыстың көлемінде озық тәжірибе ретінде тарады. Облыстық семинар кеңесін де өткізді. 2019 жылы «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағына ие болды. Облыстың «100 жаңа есім» кітабына еніп, өнегелі өмірі көптеген авторлардың кітаптарына арқау болды. Облыстық ардагерлер ұйымының бастамасымен қолға алынған «Аяулы әжелер» кітабының шығуына атсалысып, Созақ ауданындағы көптеген ардақты аналардың кітапқа шығуына аянбай жұмыс істеді. «Сырлы Созақ» хор ұжымын құрды. Ұжымды облыстық деңгейге көтеріп, жергілікті жердің композиторларының әндері мен халық әндерін орындап, жүлделі орындарды иеленді. Хор мүшелері мен әншілеріне халық дән риза. Маруа Қайыржанқызы кішкентайынан қоғамдық өмірге араласып, бүгінгі күнге дейін «елім, ұрпағым» деп тілеумен жүрген, бір шаңырақтың ұйытқысы атанып отырған жайдарлы жан, бақытты әже.

Жолдасы Асылхан Құлмахан Созақ ауданының спортын көтерген республикалық дәрежедегі спортшы, волейболшы, спорт шебері. Қарағанды педагогикалық университетінің дене тәрбиесі және спорт бөлімін бітірген. Ш.Уәлиханов атындағы мектепте өмірінің соңына дейін дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет етті. Қол добынан шеберлігі де өз алдына, нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат еді. Қолөнер шеберлігі де болды. Адал жар, ардақты әке 2006 жылы 58 жасында дүниеден өтті. Отбасында 2 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірді. Бүгінде барлығы жоғары білімді, бір-бір отбасының отағасы мен отаналары.

Үлкен қызы Маржан – жоғарғы білімді, Қ.Кемелұлы атындағы орта мектепте қазақ тілі маманы әрі тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары. Отбасында 1 ұл, 1 қызы бар. Үлкені Қамбар – өндірісте дәнекерлеуші, отбасында 3 баласы бар. Қызы Меруерт – жоғары білімді биолог, отбасында жолдасы екеуі 4 баланың ата-анасы. Меруерт атасы мен әжесіне тартқан, спортпен айналысып, өнерге ден қойған немересі.

Қызы Ақерке Алматыда тұрады, отбасында жолдасы Мұратпен 4 бала өсіріп, тәрбиелеп отыр. Үлкені Айгерім – жоғары білімді банк қызметкері, 2 баланың анасы. Асылан – жоғары білімді құрылысшы. Айым мен Айбар – мектеп оқушылары.

Ұлы Біржан өндірісте қызмет атқарады. Отбасында орыс тілі пәнінің мұғалімі болып қызмет ететін жұбайы Әселмен бірге 5 бала тәрбиелеп отыр. Арайлым – тұрмыста, 2 баласы бар. Дінмұхаммед – Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін бітірген, өндірісте қызмет етуде. Санжар – веттехник-мал дәрігері, Нұрайлым – Көкшетаудағы педагогикалық университетті математика факультетін грант иегері, Бекасыл – мектеп оқушысы.

Ұлы Бақытжан өндірісте қызмет атқарады. Жұбайы Құралай аудандық сотта бас маман болып қызмет етеді. 4 баланың ата-анасы. Қара шаңырақтың түтінін түтетіп отырған үлгілі жанұя. Каусар, Зере, Айболат, Нариман әжесінің көз қуаныштары.

Маруа Қайыржанқызы өз білімділігімен, тәжірибелігімен, адал еңбегімен ерекшеленіп келеді. Әрі осы бір қасиеттері арқылы көптің жадында есімі мәңгіге қаларлықтай ілтипатқа ие. Қайда жүрсе де халқына, еліне қызмет етуді мақсат етіп қойған «ел анасына» қандай құрмет көрсетілсе де жарасады.

Қарлығаш кезінде-ақ туған жерінен түлеп ұшқан қызымыз бүгінде оңтүстік өңірде ұя салып, ошағын маздаттып отырған салықалы отанасы, ардақты әже. Маруа апамызға деніне саулық, отбасына амандық тілеп, әлі талай игі істердің басында жүруіне тілектестігімізді білдіреміз.